

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

2001 ж. бері Еуразия гуманитарлық институтында тоқсан сайын «Еуразия гуманитарлық институты хабаршысы» ғылыми журналы білімнің түрлі салалары бойынша шығып тұрады. **Журнал халықаралық стандарттық ISSN 1999-4214 сериялы нөмір алған және ҚР-дың Білім және ғылым саласын бақылау комитеті бекіткен диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелері жарияланатын басылымдар тізбесіне мынадай ғылым салалары бойынша енген:**

07.00.00 – тарих ғылымдары

10.00.00 – филология ғылымдары

13.00.00 – педагогика ғылымдары

19.00.00 – психология ғылымдары

Мақалалар мен ілеспе құжаттар мына мекенжайда қабылданады: 010009, Астана қ-сы, М. Жұмабаев к-сі, 3 ЕАГИ, Редакция бөлімі. Телефон: (7172) 561 933, e-mail: eagi@list.ru

«Еуразия гуманитарлық институты хабаршысы» ғылыми журналында берілген Қолжазбалар туралы ереже

1. Журналға мынадай ғылыми бағыттар бойынша мақалалардың қолжазбалары қабылданады:

- педагогика және психология
- филология ғылымдары
- тарих ғылымдары
- экономика
- юриспруденция, құқықтану
- саясаттану

2. Мақалалар қолжазбаларының 1 данасы 5-6 беттік көлеммен қазақ немесе орыс және ағылшын тілдерінде Microsoft Word 2003 / 2007 редакторында не оларға сәйкес келетін редакторда ұсынылады. Мақаланың терілген нұсқасы міндетті түрде электронды қосымшасымен бірге тапсырылады.

Қолжазба мұқият тексерілуі тиіс. Талапқа сай келмейтін қолжазбалар өңдеуге қайтарылады. Қайтарылған жұмыстар жариялауға қабылданды дегенді білдірмейді.

Қазақ немесе орыс, ағылшын тілдеріндегі мәтіндер үшін гарнитурасы – тек Times New Roman, шрифт көлемі - 14, интервал - бір. Жиегі - 2 см.

3. Автор қолжазба мәтінін журналға жариялау үшін жібергенде өзі туралы барлық мәліметтердің дұрыстығына, плагиаттың және қолжазбадағы басқа да заңсыз алынған сөздердің жоқтығына, мәтіндегі барлық алынған сөздердің тиісті ресімделуіне кепілдік береді.

4. Мақаламен бірге тапсырылуға тиіс құжаттар:

- Рецензенттер жұмыс істейтін мекеменің мөрімен бекітілген, редакция алқасының құрамына кірмейтін тиісті тақырыптама бойынша тәуелсіз ғалымдардан және мамандардан екіден кем емес рецензия (ішкі және сыртқы);
- мақала мәтіні тіліндегі **аннотация, түйін** – қазақ тіліндегі мәтін үшін орысша және ағылшынша, орыс тіліндегі мәтін үшін қазақша және ағылшынша, ағылшын тіліндегі мәтіндер үшін қазақша және орысша;
- автордың **қысқаша түйіні**: Т.Ә.А. (толық), ғылыми дәрежесі мен атағы, қызметі, жұмыс орны, үй және қызметтік телефондары, хат алысу үшін мекенжайы (e-mail).

5. Мақалалар мына ережелерге сай ресімделуі тиіс:

- Бірінші беттің жоғары сол жақ шетіне - **ӘОЖ индексі**, екінші жолға – бас әріптермен – мақаланың атауы, үшіншіде - автордың инициалы мен тегі, жұмыс орны, ғылыми дәрежесі; аннотация, түйін сөздер, одан екі интервалдан соң мақала мәтіні басылады.
- **Түйін сөздер жарияланатын мақала мәтінінен тандалып алынады.**
- Әдеби дереккөздерге **түсіндірмелер** мен **сілтемелер** қажетіне қарай нөмірленіп, дәйексөзден соң шаршы жақша ішінде дереккөздің рет нөмірі, үтірден соң беті көрсетіліп беріледі. **Жолма-жол сілтеме беру үлгісі**: [6, 35-б].
- **Иллюстрациялар** (кестелер, сызбалар, диаграммалар) компьютерде немесе анық сызба түрінде (сиямен) А4 форматындағы жеке парақта орындалуы тиіс. Сурет нөмірі қағаз тасымалдағыштың екінші жағына қойылады, жиегіне оның орналасқан орны белгіленеді.

Математикалық формулалар Microsoft Equation объектісі сияқты терілуі тиіс. Сілтеме жасалған формулаларды ғана нөмірлеу керек.

6. Мақала мәтіні **мұқият тексерілген және редакцияланған**, соңғы беттің сырт жағына автордың қолы қойылған болуы тиіс.

Жарияланатын материалдар автордың көзқарасын білдіретіндіктен, Журналдың редакциялық алқасының пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Жарияланымдардағы деректер мен мәліметтердің дұрыстығына автор жауап береді. Редакциялық алқа қолжазбаны жариялау немесе жарияламау құқығын өзіне қалдырады. Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Мақаланы ресімдеу үлгісі

ӘОЖ

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ РОМАНЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қ.Т. Жанұзақова

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, ф.ғ.д., доцент

Аннотация

Мақалада романның жанр ретіндегі табиғат-болмысы, көркемдік ерекшеліктері сипатталады. Қазіргі қазақ прозасындағы роман жанрының даму бағыттары мен қалыптасқан жанрлық түрлері, жанрлық трансформация мәселесі теориялық тұрғыда тұжырымдалады. Қазіргі әдеби процесте роман жанрының алатын орны мен рөлі бағамдалады. Мақалада қазіргі роман алуан түрлі өзгерістерге ұшыраған, бірнеше жанрлардың қасиетін бойына сіңірген «еркін» жанрлық түр ретінде пайымдалады.

Түйін сөздер: жанр, роман, жанрлық трансформация мәселесі, жанрлық түрлер, әдеби процесс.

Мақала мазмұны [1]

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ әдебиетінің тарихы: 10 томдық жинақ. Тәуелсіздік кезеңі (1991-2001). – Алматы: Қазақпарат, 2006. – 10 т. – 528 б.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются художественные, жанровые особенности и теоретические вопросы литературного жанра - романа. Исследуются классификация и жанровые трансформации романа. Анализируется роль и значение романа в современном литературном процессе.

RESUME

The author of the article considers art, genre features and theoretical issues of the literary genre of a novel. Classification and genre transformations of the novel are researched. The author analyses the role and importance of the novel in contemporary literary process

Автордың координаты (телефондары: жұмыс, ұялы, e-mail)

Редакциялық алқа

Төлемақы – 8000 тенге

Банк реквизиттері:

«Цеснабанк» АҚ-тың Астаналық филиалы

ЖСК KZ39998ВТВ0000006853

БСН 990140001808

БИК TSES KZ KA

СТН 620200000084

КБЕ 17

Төлем белгісінің коды 861